

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ
Мәдениет комитетінің «Ежелгі Тараз ескерткіштері»
тарихи-мәдени музей-қорығы



**Мемлекеттік «Ежелгі Тараз ескерткіштері»
тарихи-мәдени қорық-музейіне қарасты
30 республикалық маңызы бар ескерткіштердің
жай-күйі жайлы аналитикалық есебі**

Тараз 2021 ж.

Мемлекеттік «Ежелгі Тараз ескерткіштері» тарихи-мәдени қорық-музейіне қарасты 30 республикалық маңызы бар ескерткіштердің жай-күйі жайлы аналитикалық есебі

Жыл сайын көктем және күз маусымдарында "Ежелгі Тараз ескерткіштері" тарихи-мәдени қорық-музейінің қызметкерлері мекемеге қарасты 30 – ескерткіштердің жай-күйін тексеру мақсатында іс-сапарлар ұйымдастырып отырады.

1. Шу ауданындағы (Ақтөбе-Баласағұн қалашығы),
2. Мерке ауданындағы (Мерке қалашығы),
3. Т. Рысқұлов ауданындағы (Құлан және Өрнек қалашықтары),
4. Талас ауданында орналасқан (Абдулла Ишан мешіті, Қарақожа мешіті және Бөріқазған, Тәңірқазған, Ақкөл тұрақтарының)
5. Сарысу ауданы (Шоқай Датқа кесенесі),
6. Байзақ ауданында орналасқан (Төменгі Барысхан, Қостөбе, Түймекент, Оххум қалашықтары)
7. Тараз қаласының аумағында («Карахан», «Дәуітбек» кесенелері, «Тектұрмас» кесенесі, Ежелгі Тараз қалашығы, Қали Жүніс моншасы, «Әулиеата» мешіті, Наметбай мешіті, Әбдіқадыр мешіті, Жамбыл Жабаев ескерткіші)
8. Жамбыл ауданында (Айша бибі және Бабаджа хатун кесенелері, Ақыртас сарай-кешені, Жалпақтөбе (Жікіл) қалашығы) орналасқан.
9. Мойынқұм ауданы, Бірлік ауылында орналасқан (екі мәрте Социалистік Еңбек ері Ж. Қуанышбаевтың ескерткіші),

1. Ақтөбе-Баласағұн (VI-XIII ғғ.)

Қысқаша мәлімет: Ортағасырлық Ақтөбе қалашығы VI ғ. басы- XIII ғ. мерзімделінеді Шу ауданы, Ақсу ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай 3 шақырым жерде орналасқан. Ескерткішті 1941 жылы Жамбыл археологиялық бекетінің экспедициясы Г.И. Пацевич басшылығымен ашты. У.Х.Шалекеновтың бастамасымен археологиялық экспедициясы 1974 жылдан 1980 жылға дейін өзінің тұрақты қазба жұмыстарын жүргізеді. Қалашықта әр жылдары археологиялық қазба жұмыстары нәтижесінде қалашықтың шахристан, цитадель, қамал қабырғалары, шаруашылық құрылыстары, тұрғын-жайлар және т.б. нысандар анықталды.

Қалашық 2014 жылы ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұралар тізіміне енгізілді. Қазіргі уақытта қала ұзын дуалдармен қоршалған екі шахристаннан, цитадельден және қала төңірегі құрылыстарынан тұрады.

Ескерткіштің қазіргі жай-күйі: Қалашық аумағы барлық периметрі бойынша сыммен қоршалған, бұл қалашық аумағында малдың жайылуын болдырмайды. Қабырғалары көптеген жерлерде көгерген, кейбір жерлері жарылған, сылақтың жоғарғы қабаты түсіп қалған. Сондай-ақ қамыс жабындылар кейбір жерлерде жарамсыз болып қалған. Нысанның кірер аумағына қорық-музей қызметкерлері жаңадан қорғау тақтасын орнатты. А.ж. маусым-шілде айларында «Қазқайтажаңғырту» мекемесінің мамандарымен реставрациялық жұмыстар жасалды. Қазіргі таңда ескерткіштің жай-күйі қанағаттанарлық.



Реставрациялық жұмыстарға дейін



Реставрациялық жұмыстардан кейін

2. Меркі қалашығы (VII-XIII ғғ.)

Қысқаша мәлімет: Ортағасырлық Меркі қалашығы (VII-XIII ғғ.) мерзімделінеді. Қала Меркі ауданы, Меркі ауылының орталық бөлігінде, орталық көшесінің бойында орналасқан. Қала Ұлы Жібек жолының жанданған жолдарының бойында орналасқан. Алғашқы рет Меркі қалашығын 1983-1894 жылдары В.Бартольд зерттеді, 1936 жылы қалашықта Жетісу археологиялық экспедициясы А. Бернштамның басшылығымен зерттеу жұмыстары жүргізілді. 1964 ж. К. Байпақов басшылығымен қазба барлау жұмыстары, содан кейін Тарих және мәдениет ескерткіштерінің Жинағын дайындауға байланысты Меркі қалашығы 1986-1987 және 2000 жж. зерттелді. 2006-2007 жж. А.Х.Марғұлан атындағы археология институты мамандарымен қалашықтың цитаделіне жанасатын солтүстік қабырғасына қазба жұмыстары жүргізілген.

Ескерткіштің қазіргі жәй-күйі: Қалашықтың қираған бөлігі жоспарға сәйкес шығыстан-батысқа қарай созылған тікбұрышты төбешік, жанында ауылдық сауда орындары (базар) орналасқан. Цитадельдің қалдықтары жоғарлай түскен, ол бір кездері шахристаннан қабырға арқылы бөлінген болатын, қазіргі уақытта қиранды топырақ үйіндісіне айналған. Қазіргі уақытта тарихи нысан аумағында Меркі ауылдық орталық базары орналасқан. Сауда орындарыны ескерткіш аумағында санитарлық жағдайдың сақталуына кері әсер етіп отыр. Сонымен бірге, базар әкімшілігімен құрылыс жұмыстары басталған. Аталған жұмыстар Меркі аудандық әкімдігімен бірлесе отырып, базар басшылығына құрылыс жұмыстарына тиым салу арқылы тоқтатылды.

Ескерткішке қорық-музей қызметкерлері жаңадан қорғау тақтасын орнатты. Меркі ауылдық округінің әкімі Е. Әкек және Облыстық тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау және қалпына келтіру дирекциясының инспекторы Т.Сұлтановпен кездесулер өткізді.



Жай-күйін тексергенге дейін



Жай-күйін тексергеннен кейін

3. Құлан қалашығы

Қысқаша мәлімет: Құлан қалашығы VI ғ. басы-ХІІІ ғ. мерзімделінеді. Қалашық Жамбыл облысы Тұрар Рысқұлов ауылдық округінің аумағында, солтүстік-шығысқа қарай 1,5 шақырым жерде орналасқан. Қалашықта археологиялық зерттеу жұмыстары ХІХ ғ. аяғы В.Бартольдтың басшылығымен басталған. Археологиялық қазба жұмыстары қалашықта Жетісу археологиялық экспедициясы және КСРО ҒА-ның Қазақстандық филиалы А. Бернштамның басшылығымен зерттеу жұмыстары жүргізілді. Қалашықта 1987 және 2000 жж. академик К.Байпаковтың бастамасымен зерттеу жұмыстары жалғастырылды. Жүргізілген стратиграфиялық қазбалар барысында қалашықтың шахристан, цитадель және бекітілмеген рабад аумағының іздері анықталды. Нақты әр кезеңдегі 3 құрылыс қабаты ашылды. Қалашық 2014 жылы ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұралар тізіміне енгізілді.

Ескерткіштің қазіргі жай-күйі: Қазба жұмыстар аумағында қабырғалардың жапсырмаларын сақтау мақсатында археологтар арнайы берік шатыр орнатқан, осылайша, далалық маусым басталғанға дейін консервациялау жұмыстары жүргізілген. Нысанға тасқын су кірмеу үшін құм толтырылған қаптар қойылған. Қазіргі уақытта қалашықтың шатыры көп жерден зақымдалғандықтан, қалашық аумағына бөгде адамдар кіруде. Осының кесірінен қалашық аумағы қоқыстанған. Қалашықтың қабырғалары ылғалдық жоғарлығынан бүлініп, қабырғалары түсіп жатыр. Қайта жөндеу жұмыстарын талап етіліп, а.ж. шілде айында «Қазқайтажаңғырту» ШЖРМҚК консервациялау жұмыстары жасалды. Сонымен бірге, Құлан ауылдық әкімдігімен Құлан қалашығының консервация жасалған цитадель аумағын жалпы ұзындығы 142 метр болатын темір шарбақтармен қоршау жұмыстары жүргізілді.



Реставрациялық жұмыстарға дейін



Реставрациялық жұмыстардан кейін

4. Өрнек қалашығы (VIII-XII ғғ.)

Қысқаша мәлімет: Өрнек қалашығы Өрнек ауылынан оңтүстікке қарай 7,7 шақырым жерде, Алтынсу өзенінің жағалауында, Сұлутөр шатқалында орналасқан. Қалашық 1985-86 жж., 1992-93 жж. К.Байпақовтың бастамасымен зерттеу тобымен зерттелді. 2000-2001 жж. жұмыстар жалғасты. 2011 жылы қалашықтың жоспары жасалды. Қалашықта хауздар, балшықтан соғылған қабырғалар, құрылыстар, және т. б. нысандар табылды. Қалашық 2014 жылы ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұралар тізіміне енгізілді.

Ескерткіштің қазіргі жәй-күйі: Қазіргі таңда қалашық бұрыштары мен жер бөліктеріне бағытталған төртбұрыш алаңнан тұрады. Қоршап тұрған дуалының қырымен сопақша түрінде алшақтық – өту қалдықтары сақталған. Қалашықтың шегінде жапсырмалы (сылақ) қыш, қаламның фрагменттері, түптер, құмыралардың мойыны, күйдірілген кірпіш және т.б. жәдігерлер қалдықтары табылған. Қорық-музей қызметкерлері жаңа қорғау тақтасын орнатып, жергілікті атқарушы органдар ескерткішті қорғау міндеттемесіне екі жақты қол қойды.



Жай-күйін тексергенге дейін



Жай-күйін тексергеннен кейін

5. Қарақожа мешіті

Қысқаша анықтамасы: XX ғ. басы әулет ескерткіші. Талас ауданы, Ойық ауылы, Сейілбек ауылының 1 км. Солтүстік-шығыс – шығыстағы тегістікке орналасқан. 1945 жылы археолог Г.И.Пацевич, 1949 жылы Жамбыл облыстық тарихи-өлкетану музейінің экспедициясы (Л.И.Ремпель) зерттеген. 1975-1980 жж. «Қазжобалауқайтажаңғырту», 2000 жылы ММЕ ҒЗЖИ институттары, 1980 жылы Жамбыл облыстық тарихи-өлкетану музейі экспедициясы (К.Байбосынов) зерттеген. Қыш кірпіштен тұрғызылған, жобасы төртбұрышты, көп күмбезді, құрылыс сиыну залымен айваннан тұрады. Толық қайта жөндеу жұмыстары 2003-2004 жылдары жүргізілді.

Қазіргі жағдайы: Қарақожа мешітінің алдыңғы бөлігінің сол жақ бұрыш кірпіштері өте қатты үгітілген және сынған. Сыртқы қабырғаларының астыңғы бөліктері дымқылданып, кірпіштері босаған және майдаланып, үгітілген. Мешіттің аумағына тазалық жұмыстары жүргізілмеген. Ғимараттың кірпіштері үгітілуінің басты себептерінің бірі – зиянкестердің (термиты) әсерінен және ылғалдылықтың көп болуынан. Ішкі бөлімінің қабырғаларының сылақтары (левкас) ылғалдың әсерінен бүлінген. Қайта жөндеу жұмыстарын талап етеді.



Жай-күйін тексергенге дейін



Жай-күйін тексергеннен кейін

6. Абдулла Ишан мешіті

Қысқаша анықтамасы: ХХ ғ. басы (сәулет). Үшарал ауылының ортасында орналасқан. Ескерткіш 1945 жылы археолог Г.И.Пацевич зерттеген. 1947 жылы, 1980 жылы «Қазжобалауқайтажаңғырту» институты, 2000 жылы Ғылыми-зерттеу жобалау институты зерттеген. Құрылыс жобасында төртбұрышты, көп күмбезді. Ең соңғы 2003-2004 жылдары «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша РМК «Қазқайтажаңғырту» институтының Тараз филиалы мешітті қалыпна келтіру жұмыстарын толық жүргізді.

Қазіргі жағдайы: Абдулла Ишан мешітінің ішікі - сыртқы қабырғалары ылғалданған. Ішкі қабырғаларының сылақтары (левкас) бүлінген. Қайта жөндеу жұмыстарын талап етеді. Мешіт аумағы тазалық жұмыстары жүргізілмеген, қараушысы жергілікті әкімшілік тарапынан қарастырылмаған. Ауыл ішінде орналасқандықтан мешітке келушілер саны көп. Мешіттің күмбезін судан қорғау үшін орнатылған темір қаңылтырлар желдің әсерінен майысып, жұлынған. Стандартқа сәйкес келмейтін екі ескі тақтайша алынып тасталынды. Қорық - музей қызметкерлерімен мешіттің кіре берісіне жаңа тақтайша орнатылды. Үшарал ауылының әкімі Рахымжан Айтуовпен кездесіп тарихи нысанның қазіргі жағдайын талқылап, абаттандыру жұмыстарын жүргізу және қараушымен қамтамасыз ету керектігі туралы сұратылды, қорғау міндеттемесіне екі жақты қол қойылды.





Жай-күйін тексергенге дейін



Жай-күйін тексергеннен кейін

7. Шоқай Датқа

Қысқаша анықтамасы: Шоқай Датқа кесенесі Сарысу ауданы, Саудакент ауылының оңтүстік шетіндегі ескі мазараттың солтүстік бөлігінде орналасқан. Шу-Талас өңіріне тән монументалды құрылыстар түріне жатады. 1946 жылы археолог Г.И.Пацевич, 70-80 жылдары КазКСР Мәдениет министрлігінің және «Казжобалауреставрация» ЖШС ескерткіштері жинағы экспедициясы зерттеген. Кесене кірпіштен тұрғызылған, ірі, есігі ОБ қараған бір камералы порталды- күмбезді көлем. Бас фасады, саяз үшкірленіп бітетін ойығы бар, бұрыштарында мұнаралары бар П-тәрізді биік портал түрінде.

Қазіргі жағдайы: Шоқай Датқа кесенесінің – сыртқы қабырғаларының кірпіштері ылғалданған. Кесененің жағдайы жақсы. Мешіт аумағы тазалық жұмыстары жүргізілмеген, қараушысы жергілікті әкімшілік тарапынан қарастырылмаған. Кесененің кіре берісіне жаңа тақтайша орнатылды. Музей қызметкерлері ауыл әкімі А.Н.Қалдыбайұлымен кездесіп тарихи нысанның қазіргі жағдайын талқылап, абаттандыру жұмыстарын жүргізу және қараушымен қамтамасыз ету керектігі туралы сұратылды, қорғау міндеттемесіне екі жақты қол қойылды.



Жай-күйін тексергенге дейін



Жай-күйін тексергеннен кейін

8. Тәңірқазған тұрағы

Қысқаша анықтамасы: Тәңірқазған тұрағы төменгі палеолит (археол.). Қызыләуіт ауылынан 13,4 км оңтүстік-шығыста, Тәңірқазған даласында орналасқан. Географиялық координаттары 42 Т 619570 4794812. Тұрақтың ауданы 1 шар. км кем емес. Тас бұйымдардың көбірек топталған аймақтарына стратиграфиялық шурфтар салған. Артефакттардың басым бөлігі сұр саздақтың қалың емес үстіңгі қабаттарынан табылған. Бөріқазғандағыдай Тәңірқазған тұрағын мекендеушілер шикізат материалы ретінде карбонат ярусындағы қара және қара-сұр кремний қолданған.

Қазіргі жағдайы: Тәңірқазған тұрағы - Музей қызметкерлері Қызыләуіт ауылының әкімі Б.Б.Ақпанбетұлы кездесіп тарихи нысанның қазіргі жағдайын талқылап, қорғау міндеттемесіне екі жақты қол қойылды. Тұраққа жаңа тақтайша орнатылды. Тұрақтың етегінде орналасқан үңгірдің беті жабылмаған. Музей қызметкерлері тақтайша қою барысында тас дәуіріне жататын тас бұйымдары табылды. Табылған тас бұйымдар музей қорына өткізіліп, мемлекеттік тізімге енгізілуде.



Жай-күйін тексеру барысы

9. Бөріқазған тұрағы

Қысқаша анықтамасы: Бөріқазған тұрағы - төменгі палеолит (археол.). Қызыләуіт ауылынан 10 км оңтүстік-шығыста, Бөріқазған жерінде орналасқан. Географиялық координаттары 42 Т 619681 4798331. Тас бұйымдар (442 дана) куэсті биіктіктегі беттен табылған. Құралдарды жасаудағы негізгі шикізаттарды шомбал желвактар мен қара ұсақ түйіршікті кремний карбонды малтатастар құрайды. Бөріқазғанның бұйымдарына қуқыл сары немесе қара-сұр патина, сондай-ақ координирленген бет тән. Тас бұйымдардың көбірек топталған жерлеріне Х.Алпысбаевтың басқаруымен бірнеше шурфтар салынған.

Қазіргі жағдайы: Музей қызметкерлері Қызыләуіт ауылының әкімі Б.Б.Ақпанбетұлы кездесіп тарихи нысанның қазіргі жағдайын талқылап, қорғау міндеттемесіне екі жақты қол қойылды. Тұраққа жаңа тақтайша орнатылды.



Жай-күйін тексеру барысы

10. Ақкөл тұрағы

Қысқаша анықтамасы: Ақкөл тұрағы шель-ашель (археол.). Ақкөл ауылынан 11 км оңтүстік-батыста, Ақкөл көлінің оңтүстігінде орналасқан. Географиялық координаттары 42 Т 635187 4802696. Куэст төбешігінің үстіндегі шағын алаңда ежелгі адамдар қолынан жасалған 117 тас бұйым табылған. Олардың басым бөлігі бұйым сынықтары. Барлығы да желге мүжіліп, бірқатарының сыртқы қабаттары сақталған.

Қазіргі жағдайы: Музей қызметкерлері ауыл әкімі Б.Сейдуанов кездесіп тарихи нысанның қазіргі жағдайын талқылап, қорғау міндеттемесіне екі жақты қол қойылды. Тұраққа жаңа тақтайша орнатылды.





Жай-күйін тексеру барысы

11. Төменгі Барысхан қалашығы

Қысқаша анықтамасы: Ортағасырлық Төменгі Барысхан, VI-XII ғғ. (археол). орналасқан Байзақ ауданы аумағында 15 шақырым жерде ежелгі Тараз 1,5 км. Талас ауылының оңтүстік-шығысына қарай орналасқан.

Қазіргі жағдайы: Іс-сапар барысында қалашықтың орны алыстан анық көрінеді. Сол жерден қалажұртының пайдаланған тұрмыстық қыш ыдыстар мен сол заманда қолданылған кірпіштер табылды. Топографиялық көріністер қала цитадель мен шахристаннан тұрғанын көрсетті. Сонымен қатар қамал қабырғаларының бөліктері мен саз кірпіштен жасалған қирандылары табылды. Оларды қорық-музейдің арнайы қорына өткізілді. Осы аймақ орналасқан ауылдық округ әкімшілігіне қорғау міндеттемелері тапсырылды. Алдағы уақытта сол қалашық маңында жатқан күл-қоқыстарды шығару керектігі тапсырылды. Қалашықтың жанында мұсылман зираты бар. Тұтас қабаттардың бетінде қалаудан жасалған керамиканың, пахсты кірпіштердің көптеген фрагменттері табылды. Музей-қорығының қызметкерлерімен жаңа күзет тақтасы орнатылды.





Жай-күйін тексеру барысы

12. Қостөбе қалашығы

Қысқаша анықтамасы: VI-XII ғғ (археол.), Сарыкемер ауылынан шығыста, бірінші жайылмадан жоғары, қолайлы ашық алаңда орналасқан. 2000 жылдары Тарихи-мәдени ескерткіштердің жинағына байланысты жүргізілген археологиялық экспедициялық қазба жұмыстары нәтижесінде керамикалық ыдыстар, тиындар және т.б. табылған жәдігерлер Қостөбе қалашығының қай ғасырға жататындығын айғақтады. 2014 жылы қалашық Әлемдік деңгейде ЮНЕСКО-ның тізіміне алынды. 2000 жылдары Тарихи-мәдени ескерткіштердің жинағына байланысты жүргізілген археологиялық экспедициялық қазба жұмыстары нәтижесінде керамикалық ыдыстар, тиындар және т.б. табылған жәдігерлер Қостөбе қалашығының қай ғасырға жататындығын айғақтады. 2014 жылы қалашық Әлемдік деңгейде ЮНЕСКО-ның тізіміне алынды.

Қазіргі жағдайы: Бүгінгі таңда Қостөбе қалашығының жер аумағындағы қирандылары бұрынғысынша қабырғалармен қоршалған және айналасы шұңқырмен қоршалған жоғары жер. Археологиялық қазбалар кезінде анықталған кейбір шоқылар, шөптермен жабылған және өздерінің түпнұсқалық көрінісін жоғалтқан кейбір төбешіктерді көруге болады. Қалашықтың орналасқан үйінділерінде көптеген керамикалық ыдыстардың бөліктері табылды: құмыраның тұтқасы, қыш ыдыстардың бүйірінің бөліктері, тостағанның түбі және т.б. Қорық-музей қызметкерлері мен жергілікті өкілеттілікпен қорғау міндеттемесіне екі жақты қол қойылды. Қостөбе қалашығының қорғау тақтайшасы жаңартылды. Басты назарға Облыстық Туризм басқармасының ақпараттық ақпараттық тақтайшасы бүлініп, түсі өнген екені көзе түседі



Жай-күйін тексеру барысы

13. Түймекент қалашығы

Қысқаша анықтамасы: VI-XII ғғ (археол.), Түймекент ауылының оңтүстік шетінде, Талас өзенінің оң жағалауында орналасқан. Қалажұртты 1894 жылы В.В. Бартольд зерттеп, оның Тараз қаласына балауға келмейтінін айтты. 1936-1938 жж. КСРО ҒА ММТИ (А.Н.Бернштам) және Қазақстандық бөлімшенің ОАЭ зерттеді. 1986 жылы қалажұртта ҚазКСР ҒА ТАЭИ (К.М.Байпақов) тарих және мәдениет ескерткіштер жинағының археология экспедициясының отряды жұмыс істеді.

Қазіргі жағдайы: Қазіргі уақытта, объект бұрын қойылған шатырдың жоқтығынан табиғи күштердің зардабына ұшырап жатыр: жаңбыр мен жел. Қалашықтың оңтүстік-батыс бөлігінде бұрындары өзен суы ағып тұрған, қазір құрғап қалған. Шикі қабырғалардың сақталған

қалдықтары өте айқын көрінеді. Қалашықта қорғандардың қалдықтары, цитадель мен төбелердің қалдықтары, сондай-ақ мұнаралардың қалдықтары көрінеді. Іс-сапар барысында керамика мен кірпіштердің бөлшектері жиналады.

Түймекент қалашығының қорғау тақтайшасы жаңартылды. Қалашықтың аумағына тазалық жұмыстары жүргізілмеген. Іс-сапар барысында қалашықтың маңынан сол ғасырға жататын кірпіштердің қалдықтары табылды. Оларды арнайы қорық-музей қорына тапсырылды. Қалашық қарайтын аумақтық әкімшілікке қорғау міндеттемелері тапсырылды. Түймекент қалашығының қорғау тақтайшасы жаңартылды.



Жай-күйін тексеру барысы

14. Оххум қалашығы

Қысқаша анықтамасы: VI-XII ғғ (археол.), Тегістік ауылынан солтүстік-батысқа қарай 13,5 км қашықтықта, Тегістік-Бостандық тас жолының сол жағында 1 км қашықтықта орналасқан. Алғаш рет 1894 жылы В.В.Бартольд, 1936-1938 жж. САЭ ИМТИ мен КСРО ҒА Қазақстандық бөлімшесі (А.Н.Бернштам) зерттеген. 2010 жылы «Археологическая экспертиза» ЖСШ ескерткіштері Жинағы экспедициясы (С.Ақылбек, Ш.Құдабаев) зерттеп, құралмен жоспарын түсіріп, координаттарын алған.

Қазіргі жағдайы: Қалашық төртбұрышты алаңқай түрде жайылған дуалмен қоршалған, қабырғалары дүниеиң тараптарына қараған. Ішкі қалашықтың бөліктері төбешік болып келген. Аумақта «қара археологтар» деп аталатын ахеологтардың қазба жұмыстарының іздері көрінеді.

Қызметкерлердің жасаған қазба жұмыстарының нәтижесінде қабырғадағы кірпіштің қалдықтарын анықтады. Сонымен қатар көптеген керамикалық және өрнектелген керамикалық ыдыстардың бөлшектері табылды. Оххум қалашығының қорғау тақтайшасы жаңартылды.



Жай-күйін тексеру барысы

15. Талас өзені арқылы өтетін көпір XIIIғ.

Қысқаша анықтамасы: Тараз қаласы, қаланың оңтүстік-шығыс шеті, Самарқант және Жангелдин көшелерінің Талас өзенінен шығар жерде, Тектұрмас кешенінің жанында. Көпір құрылысы сақталмаған. Облыстағы ескі көпірлердің бірі орналасқан жерде күзету тақтайшасы арқылы көрсетілген. Тараз қаласының тас көпірі туралы алғашқы деректерді 13 ғ. қытай саяхатшысы Чань-Чунь қалдырған болатын.

Қазіргі жағдайы: Қазіргі таңда ескерткіш «Ежелгі Тараз ескерткіштері» тарихи-мәдени қорық-музейінің қарғауында.



16. Қали Жүніс моншасы XIX- XX ғғ.

Қысқаша анықтамасы: Тараз қаласы, Байзақ батыр көш, 40. Монша Әулиеата кезеңінің сәулет өнері ескерткіші болып саналады. Салтанатты күмбездермен көмкерілген түрлі көлемдегі 10 бөлме, бір-бірімен иінді өткелдер арқылы жалғасқан. Қабырғасының қалыңдығы 0,8м, қабырға биіктігі 2,5-3м, Монша Орта Азияның қоғамдық құрылысына тән үлгіде күйдірілген кірпіштен қаланған.

Қазіргі жағдайы: Қазіргі таңда ескерткіштің жай-күйі қанағаттанарлық.



Жай-күйін тексергенге дейін



Жай-күйін тексергеннен кейін

17. Қарахан кесенесі XI-XII ғғ.

Қысқаша анықтамасы: Тараз қаласы, Қарахан көш,1 Кесене Қараханидтер әулетінің көрнекті тұлғасының бірі – Шах Махмуд Қараханға арналып салынған. Кесенені салушы шебердің аты-жөні тарихта сақталмаған. Кесененің алғашқы нұсқасы біздің заманымызға жетпеді. 1906 жылы жергілікті тұрғындардың күшімен алғашқы кесененің орнына қайта салынған, алайда оның сәндік өрнектері жойылған. 30-ға жуық түрлі терракоттар пайдаланылған. Қазір бұл жер бесік орналасқан орталық залы, үш бұрышында үш худжра бөлмелері бар порталды-күмбезді құрылыс. Қарахан кесенесінің қабырғалары патшалық кезеңінің кірпіштерімен өрілген.


Қазіргі жағдайы: Қазіргі таңда ескерткіштің жай-күйі қанағаттанарлық. «Қарахан» кесенесінің аумағында 2019 жылдың маусым айынан бастап кесенеге келушілерге арналған жергілікті демеушілердің көмегімен жаңадан, заманауи үлгіде санитарлық тораб салынып, отыратын орындар (скамейкалар), демалатын орын (беседка), жарық шамдар орнатылды. 2021 жылда жоспарлы түрде «Қарахан» кесенелерін аббаттандыру жұмыстары жалғасын тапты. Жылдың соңына дейін кесене аумағындағы кіре берісте орналасқан арканы жөндеу жұмыстары жүргізілуде.



Ескерткіштің қазіргі таңдағы фотосуреті



Кесене аумагындағы заманауи үлгіде санитарлық торабы



Келушілерге арналған демалатын орын (беседка)



Отыратын орындар (скамейкалар)



Кіре берісте орналасқан арканың көрінісі

18. Тектұрмас кесенесі XIVғ.

Қысқаша анықтамасы: Тараз қаласы, Талас өзенінің оң жағалауында орналасқан. Осы төбенің басында зорастризм, христиандық, мұсылмандық рәсімдегі зираттар орналасқан. XX ғ. 30 ж. кесене толықтай қирады. 2002 ж жылы кесененің алғашқы орнында жаңадан кесене тұрғызылды. Кесене жергілікті халыққа Тектұрмас атымен белгілі *Сұлтан-Махмудхан* жерленген орын ретінде белгілі. Ал Тектұрмас сөзінің өзі түркіше «*тынымсыз орын*» дегенді білдіреді.

Қазіргі жағдайы: Қазіргі таңда ескерткіштің жай-күйі қанағаттанарлық.




Ескерткіштің қазіргі таңдағы фотосуреті.

19. Шамансұр (Дәуітбек) кесенесі, XIII ғ.

Қысқаша анықтамасы: Тараз қаласы, Қарахан көш, 1 Кесене алғашында күмбезі жартылай иілген арқаға бекітілген төрттаған түрінде болған. Арқалар плиталардан қаланған тұғырға орналасты. Қабіртастағы жазуды А.Б.Бартольд танып оқыған. Онда: 1262 ж. 31 наурызда қайтыс болған түркілік қолбасшы, «қалам мен қылыштың иесі, жаны таза момындардың жанашыр қорғаушысы» жерленген деген жазулар бар.

Қазіргі жағдайы: Қазіргі таңда ескерткіштің жай-күйі қанағаттанарлық.



Ескерткіштің қазіргі таңдағы фотосуреті.

20. Әбдіқадыр мешіті XX ғасырдың басы

Қысқаша анықтамасы: Тараз қаласы, Абай көш, №5 Көшеней көш.қиылысында орналасқан.Әбдіқадыр мешіті Әулиеата қаласындағы үлкен мешіттердің бірі болып саналады. Үлкен ауласы және Әулиеата жеріндегі үлкен медресесі болған. Кешегі аумалы-төкпелі заманда мешіт үйі мен медресе бірте-бірте бұзылып, залал шеккен. Мешіт үйі қойма, әртүрлі мекемелердің қызмет үйі, наркологиялық диспансер секілді қызмет бабындағы ғимарат есебінде пайдаланылған. Дегенмен, мешіт ғимаратындағы үлкен аркалы қақпа мен азанханасы бұзылмай сақталған. 2000 жылы мешітке толықтай жаңғырту жұмыстары жүргізілді. Бүгін бұл мешітте 200 адамға дейін намаз атқаратын жағдай бар.

Қазіргі жағдайы: Қазіргі таңда ескерткіштің жай-күйі қанағаттанарлық.



Ескерткіштің алдыңғы фотосуреті



Ескерткіштің қазіргі таңдағы фотосуреті

21. Қали Жүніс (Әулие ата) мешіті, 1913 ж.

Қысқаша анықтамасы: Тараз қаласы, Адамбаев көш, №24, Қылымбай ақын көш, киылысында орналасқан. Ежелгі Тараз қаласының орнына жақын маңда орналасқан. Ұзақ жылдар бойы мешіт ғимаратына әртүрлі жөндеу, қайта жаңғырту, қосымша құрылыстар салу жұмыстары жүргізіліп келген, үлкен ауласы бар және басқа да қосымша, тұрмысқа қажетті ғимараттары бар үлкен мешіт болып саналады. Бір мезгілде мешіт аумағында 1500 адам діни парыз өтей алады. 1998 жылы мешітке кіре-беріс аумаққа қос минаретті үлкен қақпа орнатылды. Жеке ғимараты бар медресе жұмыс істейді.

Қазіргі жағдайы: 2020-2021 жылдар аралығында ХХІІ. Қали Жүніс (Әулие ата) мешіті, 1913 ж қайта жаңғырту жұмыстарынан өтті. Жаңа келбеті халық игілігіне пайдалануға берілді.



Ескерткіштің бұрынғы келбеті



Ескерткіштің қазіргі таңдағы фотосуреті.

22. Нәметбай мешіті, 1887 ж.

Қысқаша анықтамасы: Тараз қаласы, Ташкент көш, №21, Байзақ батыр көш, бұрышы. Нәметбай мешіті ХХ ғасырдың басында салынған. Көп жылдар қаладағы үлкен діни-рухани орталық қызметін атқарған. Шамамен, өткен ғасырдың 30-жылдары мемлекеттік меншік ретінде шаруашылық қоймасы тағы басқа да қажеттіліктерге пайдаланылып келген. Өткен ғасырдың 90-жылдары мұсылман жамигатына қайтарылып және қайтадан жөнделіп Тараз қаласындағы забия-мешіті қызметін атқарып келеді. Кең ауласы және қосымша бөлмелері, үлкен жер телімі бар. Тараз қаласының 2000 жылдық мерейтойы қарсаңында мешіттің негізгі бөлігі қайта жөндеуден өткізілді.

Қазіргі жағдайы: Қазіргі таңда ескерткіштің жай-күйі қанағаттанарлық. Жергілікті демеушілердің көмегімен 2019 жылы мешіт ғимаратының сырты толық жөндеуден өтті.



Жай-күйін тексергенге дейін



Жай-күйін тексергеннен кейін

23. Айша бибі мазары. XI- XII ғғ.

Қысқаша анықтамасы: Жамбыл ауданы, Айша-бибі ауылы, Тараздан батысқа қарай 20 шақырым жерде, ертеден гүлденген сауда жолының бойында, жазба деректерден Хғ. Белгілі ортағасырлық Джувикат қаласының маңында орналасқан. Ол өзінің әртүрлі пішінді және өрнекті терракотты қаптамалармен тұтастай безендірілген фасадтарымен ерекшеленеді.

Қазіргі жағдайы: Қазіргі таңда ескерткіштің жай-күйі қанағаттанарлық.




Ескерткіштің қазіргі таңдағы фотосуреті

24. Бабаджа Хатун . XI- XII ғғ.

Қысқаша анықтамасы: Биіктеу жерде орналасқан Айша Бибі кесенесімен бірге мемориалды-культтік кешеннің құрамына кіреді. Ескерткіш жобасында онша үлкен емес, ішкі жақтарының ұзынд. 4,5 м болып келген шаршы төрпатты құрылыс. Қазақстан сәулетінің ең көне ескерткіш терінің бірі болып саналатын бұл кесене тұрпатының қарапайымдылығымен және көп ғасырлық сақталуын қамтамасыз еткен құрылыс жұмысымен ерекшеленеді.

Қазіргі жағдайы: Қазіргі таңда ескерткіштің жай-күйі қанағаттанарлық.



Ескерткіштің қазіргі таңдағы фотосуреті.

25. Ақыртас кешені VIII-XII ғғ.

Қысқаша анықтамасы: Жамбыл ауданы, Ақшолақ станциясынан шығысқа қарай 6 шақырым жерде, Қырғыз алатауының етегінде. Тараз қаласынан шығысқа қарай 40 шақырым жерде. Кешен әртүрлі қызмет атқаратын бірнеше құрылыстардан тұрады. Олардың ішінен ерекшеленетін сәулеттік құрылыстар: сарай, қала сыртындағы тұрғын жайлар, XIII-XIV ғғ. керуен-сарайы, «қамал», «қорған», қарауыл мұнарасы; гидротехникалық құрылыстар: хауздар (сопақша және тікбұрышты келген, биіктігі 1,5-2 м, ені 5-8 м жалмен қоршалған кеңістіктер түріндегі су қоймалары), дамбалар, каналдар мен құбырлар; агроирригациялық жүйе: алқаптар мен бақшалық-саябақтық аймақ (шарбақ).

Қазіргі жағдайы: Қазіргі таңда ескерткіштің жай-күйі қанағаттанарлық. «Ежелгі Тараз ескерткіштері» тарихи-мәдени қорық-музейінің қызметкерлері 2019 жылдың ақпан айында Ақыртас сарай кешенінің тас блоктарын анықтау мақсатында ғылыми-зерттеу экспедициясын ұйымдастырған болатын. Экспедиция барысында Байзақ ауданы Ақшолақ станциясынан солтүстік-шығысқа қарай орналасқан жеміс-жидек бағының аумағында 250-ге жуық тастардан құралған 5 үйінді мен «Түрксіб» темір жол құрылысында тұрғызылған уақытта үш көпірді тұрғызу барысында «Ақыртас» сарай кешенінің тас блоктары пайдаланылғаны анықтады.

2019 жылдың мамыр айында мекеме қызметкерлері «Қазқайтажаңғырту» мекемесінің мамандарымен бірлесе отырып Ақыртастың құрылыс жұмыстарына пайдаланылған қызыл шоқы тастарын өз тарихи орнына жеткізді.



Ескерткіштің қазіргі таңдағы фотосуреті



Ақыртастың қызыл шоқы тастарының қайта қайтарылуы

26. Жалпақтөбе қалашығы (Жікіл) VI-XII ғғ.

Қысқаша анықтамасы: Жамбылауданы, Жалпақтөбе ауылының территориясында, орталық көше бойында орналасқан. Қабырғаларының саз кірпішгері сылағымен анық байқалады, биіктігі 1 м. Қаланы айнала бақшамен және Жалпақтөбе ауылының құрылыстарымен қоршалған.

Қазіргі жағдайы: Қазіргі таңда ескерткіштің жай-күйі қанағаттанарлық.



Ескерткіштің қазіргі таңдағы фотосуреті

27. Ежелгі Тараз қалашығы I-XIX ғғ.

Қысқаша анықтамасы: Тараз қаласы, «Көне Тараз» тарихи-мәдени орталығы. Қалашық қаланың орталық бөлігінде, Толе би – Мирзоян-Қазыбек би- Байзақ батыр көшелерінде орналасқан. Қалашық цитадель, шахристан аумағынан тұрады.

Қазіргі жағдайы: 2019 жылы археологиялық саябақ аумағына консервациялық, реставрациялық жұмыстар жасалды. Жаңадан экскурсиялық жүргінші жолдар салынды және территория аумағына ай сайын сенбілік жұмыстары жасалды.





Ескерткіштің қазіргі таңдағы фотосуреті





Ескерткіш аумағына сенбілік жұмыстар жасалды

28. Берікқара қорымы (500) II-IV ғғ

Қысқаша анықтамасы: Жуалы ауданы, Қарабастау ауылы, ауылдан шығысқа қарай 3 шақырым жерде Ауылдың оңтүстік шетіне орналасып, оңтүстік және оңтүстік-батысқа қарай Берікқара шатқалының сағасына дейін 3,5 км созылып жатыр. Қорым Қаратау жотасының солтүстік бөктеріндегі жазықта, Берікқара өзенінің қос жағалауында орналасқан. Обалар шатқалдан бастап Билікөл көлінің жағалауына дейін орналасқан. Топографиялық түсірілімдер нәтижесінде Берікқара өзенінің қос жағалауынан барлығы 411 оба тіркеуге алынды. Олардың 360 Берікқара өзенінің оң жағалауынан, қалған 51 сол жағалауынан табылды.

Қазіргі жағдайы: Қазіргі таңда ескерткіштің жай-күйі қанағаттанарлық.



Ескерткіштің қазіргі таңдағы фотосуреті

29. Ж.Жабаевтың ескерткіші, 1961 ж

Қысқаша анықтамасы: Ж.Жабаевтың 115 жылдық тойына орай Тараз қаласының Жамбыл атындағы алаңға орнатылған. Жамбыл 1846 жылы Мойынқұм ауданында туған. Жамбыл Жабаев қазақтың халық ақыны, айтыс өнерінің майталман шебері, бірқатар патриоттық өлендер мен батырлар туралы поэмалардың авторы. Ленин және Қызыл Жұлдыз ордендерімен марапатталған. 1934 жылғы Республикадағы ақындар айтысының лауреаты, 1941 жылғы СССР мемлекеттік сыйлығының иегері. Тараз қаласы 1937 жылдан 1997 жылға дейін Жамбыл Жабаевтың есімімен аталды.

Қазіргі жағдайы: Х. Наурызбаевтың туындысы Жамбыл Жабаев ескерткіші 1961 жылы Жамбыл қаласындағы Ж.Жабаев алаңына орнатылды. 2018 жылы ескерткішке сараптама жұмыстары жүргізіліп, қорытындысында 2019 жылы Алматы қаласында ҚР Суретшілер одағының мүсіншілер базасында (Комиссия мүшелерімен: Ө.Жұбаниязов, Ж.Натбаев, М.Әмірханов, Е.Бексұлтанов) қайтақалпына келтірілді ҚР «Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы» Заңы негізінде ҚР Үкіметінің 2019 жылғы 8-қарашадағы №841 «Жамбыл Жабаевтың ескерткіші» республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткішінің орнын ауыстыру туралы» қаулысына сәйкес ескерткіш Абай көшесі №125 Жамбыл облысы әкімдігі ғимараты алдына ауыстырылды.



Ескерткіш орнынан көшірілгенге дейін



Ескерткіш орнынан көшірілгенге дейін



Ескерткіштің қазіргі жағдайы

30. Жазылбек Куанышбаев ескерткіші

Қысқаша мәлімет: Ескерткіш Жамбыл облысы Мойынқұм ауданы Бірлік ауылында екі мәрте Социалистік еңбек ері Жазылбеку Куанышбаевтың құрметіне 1962 жылы орнатылған. Мүсінші: Б. Түлеков, сәулетші: Т. Басенов. Еңбек ерінің қоладан жасалған бюсті қиық пирамида пішінді гранитті постаменте орнатылған.

Ескерткіштің қазіргі жәй-күйі: Биыл Жаз-атанның мерейтойына байланысты «Жаз-ата саябағының Кіре беріс қақпасы, Жаз-ата ескерткішінің тұғыртасы өңделіп, маңайына алқызыл гүлдер егілді.



Жай-күйін тексергенге дейін



Жай-күйін тексергеннен кейін